

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ХАТТАМАСЫ № 2024/2

«27» маусым 2024 жыл

Қараағашты ауылы.

Төрайым: Камытбекова Б.Ж.

Хатшы: Сугралиева А.С.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мәжіліс залында кезекті жиналыс өткізілді.

"Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығының басшының міндетін уақытша атқарушы Б.Камытбекова төрайымдық етіп, барлық әкімшілік бөлімі мен бөлім меңгерушілері қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

КҮН ТӘРТІБІ

Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарылықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ) танысу, жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатындағы ақпараттық түсіндіру жұмыстары туралы.

Төрайымдық етуші басшының міндетін уақытша атқарушы Б.Ж.Камытбекова жиналысты ашық деп жариялап кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі түсіндірме жұмыстары табылатынын ескертті.

Келесі сөз кезегінде "Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығының заңгері кеңесші А.С.Сугралиева Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отырғандығын және үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын екендігін айтты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табыладығын қысқаша түсіндіріп өтті.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайтуға, азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға тарту жөнінде шаралар қабылдауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты мониторингтеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметі

бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты реформалар мен жобаларды қамтитын 6 міндеттер блогы қамтылған.

Қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламағаны үшін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің құрамы кеңейтілгендігі, пара бергені және паракорлыққа делдел болғаны, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін жауапкершіліктің қатаңдатылғаны жөнінде ақпарат айтылып өтті, және кәсіпорнының қызметкерлеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлықтың көрінісі немесе деректері туралы Кәсіпорнының басшылығымен Комплаенс қызметіне тез арада хабарласу керектігін түсіндірді. Әрі қарай өз баяндамасында сыбайлас жемқорлықпен мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларда болдырмауға және осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарас қалыптастыруды қажет екені туралы толыққанды мәлімет берді.

Жиналыстың соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, Кәсіпорнының қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Төрайымдық етуші басшының м.у.а Б.Ж.Камытбекова жиналысты жиналысты қорытындады

Осы жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып жиналыс төрайымы және жиналысқа қатысқандар

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

"Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығының б барлық қызметкерлері заңдылық пен қызметтік тәртіпті қатаң сақтап, сыбайлас жемқорлық заң бұзушылыққа жол бермей жұмыс атқарылсын.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны ескертілсін.

Төрайым:

Хатшы

Басшының м.у.а Б.Ж.Камытбекова

Сугралиева А.С.